



## Қазақстан Республикасының Арал теңізі және Арал өңірі проблемалары жөніндегі ұлттық кеңесі туралы Ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 1861

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Арал теңізі және Арал өңірі проблемалары жөніндегі ұлттық кеңесі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы  
26 желтоқсандағы  
N 1861 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Арал теңізі мен Арал өңірінің  
проблемалары жөніндегі ұлттық кеңесі туралы  
Ереже

1. Қазақстан Республикасының Арал теңізі мен Арал өңірінің проблемалары жөніндегі ұлттық кеңесі (бұдан әрі - Ұлттық кеңес), "Қазақстан Республикасының Арал теңізі мен Арал өңірінің проблемалары жөніндегі ұлттық кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 маусымдағы N 779 қаулысына

сәйкес құрылды.

2. Ұлттық кеңестің құрамын министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, орталық атқару органдарының, Арал өңірі аймағының жергілікті атқару органдары әкімдерінің, Арал бассейні проблемаларымен айналысып жүрген Қазақстан Республикасының мекемелері мен ұйымдарының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Ұлттық кеңес:

мемлекеттік және басқа ұйымдардың Арал теңізі мен Арал өңірінің проблемалары жөніндегі қызметін үйлестіреді, сондай-ақ Аралды сақтап қалуға, тұрақтандыру мен қалпына келтіруге, экологиялық жүйенің құлдырауын тоқтатуға, өмірлік қалыпты жағдайлар туғызуға, Арал өңірі халқының тіршілігін қамтамасыз етуге және денсаулығын сақтауға бағытталған шараларды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, өзге орталық атқару органдары мен Қазақстан Республикасының басқа да ұйымдарынан қажетті материалдар мен құжаттарды сұратады, сондай-ақ олардың Арал теңізі мен Арал өңірінің проблемалары жөнінде қабылданатын шешімдерді орындау барысына бақылау жасауға қатысады;

жұмысын Арал теңізі бассейнінің проблемалары жөніндегі мемлекетаралық кеңеспен және оның атқарушы органдарымен, сондай-ақ Аралды құтқару жөніндегі халықаралық қормен және басқа да халықаралық ұйымдармен тығыз байланыста жүргізеді;

тұтастай алғанда Арал аймағының тұжырымдамалық проблемаларын қарайды, Арал өңірінің Қазақстанға жататын бөлігінің экологиялық сауығуын қамтамасыз ету жөніндегі жобалардың қажетті кешенін құруға бақылауды жүргізеді және осы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар жасайды;

ғылыми, жобалау және басқа ұйымдардың Арал аймағындағы мемлекеттермен ортақ шешімдер әзірлеуге және қажетті нақты іс-әрекеттер жүргізуге бағытталған күш-жігерін біріктіреді;

Арал проблемасын шешуге арналған бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру мәселелерін қарайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар жасайды;

Арал проблемасымен айналысатын ұйымдармен келісілген жұмыстар жүргізеді, мемлекеттік қоғамдық және басқа да қорлардың дамуына жәрдемдеседі;

Арал проблемасы жөніндегі халықаралық келісімдерді, меморандумдар мен бірлескен бағдарламаларды талдайды және оларды орындау жөнінде, сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттерінің Басшылары бекіткен Арал проблемалары жөніндегі нақты іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде нақты ұсыныстар енгізеді;

Арал теңізі проблемаларының мемлекеттік және аймақтық бағдарламалары жөніндегі ғылыми-зерттеу, жобалау-зерделеу жұмыстарының жағдайын қарайды,

Қазақстан Республикасының Үкіметіне Арал теңізінің табиғатын пайдаланудың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі конвенциялардың, келісімдер мен басқа да халықаралық актілердің жобаларын қарау жөнінде ұсыныстар енгізеді.

4. Ұлттық кеңеске Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары басшылық жасайды.

5. Ұлттық кеңестің мәжілістерін әзірлеу және жедел іс-қағаздарын жүргізу үшін төрт адамнан; Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетінің қызметкерлерінен, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Су ресурстары жөніндегі комитетінің өкілдерінен тұратын жұмыс тобы құрылады.

6. Ұлттық кеңестің мәжілістері бекітілген жұмыс жоспары бойынша, бірақ кемінде жылына екі рет өткізіледі.